



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Ақпанда жылдық инфляция Қазақстан өңірлерінің басым бөлігінде баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 18 наурыз

Ақпанда елде **жылдық инфляция** баяулап, **9,3%**-ды құрады (қаңтарда – 9,5%). 13 өңірде жылдық инфляция бәсеңдеді, 4 облыста қарқын алып, 3 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді.

Ақпанда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 7,4%-ға дейін баяулады (қаңтарда – 8,2%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (10,3%) барынша тез, ал Шымкент қаласында (5,2%) мейілінше баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 8,5%-ға дейін бәсеңдеді (қаңтарда – 8,6%). Ең жоғарғы мән Маңғыстау облысында (13,3%), ең төменгі мән Ақтөбе облысында (7,1%) тіркелді.

Ақпанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 12,8%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 12,3%). Сонымен қатар, Қарағанды облысында (18,0%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама тез, Алматы облысында (8,0%) айтарлықтай баяу өсті.

Ақпанда ел бойынша **айлық инфляция 1,1%-ға** өсті. Бұл тарихи орташа мәннен жоғары (2017-2021 жылдардағы ақпанда – 0,7%).

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz